

Шөлденудің нәтижесінде бұзылған жерлерді баптау

Группа:МР-305

Орындаған:Тулеген С.Б

Тексерген:Бәкірова Ә.Ш

Найроби қаласындағы халық аралық кеңесшілердің 1990 жылғы кездесуінде шөлдену туралы мынадай түсінік қабылдады, яғни **Шөлдену** дегеніміз-құрғақ, өте құрғақ және қуаңшылық аймақтарда, ыңғайсыз табиғи-техногендік әсерлердің нәтижесіндегі жерлердің дағдарысқа тап болуы.

Жерді баптаудың жобасын құрмастан бұрын, шөлденудің нәтижесінен, қарастырылып отырған аймақтың бұзылған жерлерге жататындығын анықтау қажет және оның сапалық анықтаушысы ретінде мынадай белгілерді пайдалануға болады:

I-физикалық: құмдық және шаңдық дауылдардың саны және де басқа ыңғайсыз климаттық үдерістер; жер асыт суының қорлық шамасы, тереңдігі және сапасы; эрозия және дағдарыс үдерісінің дамуы және дәрежесі; тасқынды сулар және қатты ағынның көлемінің өзгеруі; топырақтың тамыры орналасу қабатының қуатты және қарашіріктің құрамы; топырақтың тұздануы және сорлануы; топырқа бетінің қабыршақтығы.

II-биологиялық: **A-өсімдік:** өсімдіктің қатынастық және енгізілмеген түрі; құрғақшылық жерлерде өсетін өсімдіктер, оның ішінде тұзға төзімді және ылғалды жерлерде өсетін өсімдіктердің түрлік құрамы; жобаланған өсімдіктердің топырақ бетін жабу дәрежесі, яғни өсімдіктердің орналасу тығыздығы; биологиялық өнімділік және азықтық шөптердің өнімділігі; **Б-жан-жануарлар:** негізгі түрі; үй жануарларының саны; жануарлардың саны; жануарлардың таралуы; таралу ерекшелігі; жануарлардың екінші дәрежедегі таралуы.

III-әлеуметтік белгілер:жерді пайдалану жүйесі;тұрғындардың орналасу құрылымы;тұрғындардың биологиялық көрсеткіштері;әлеуметтік үдерістердің көрсеткіштері.

Шөлденудің мынадай түрлерін бөліп көрсетуге болады:өсімдік жамылғысының дағдарысы,жел және су эрозиясы,топырақтың құрылымының бұзылуы, топырақтағы қарашіріктің азаюы,топырақтың тұздануы және сорлануы, батпақтануы,ұлы заттардың құрамының өсуі.Келтірілген шөлденудің түрлерінің себебі,осы үдерістердің туындауына,суғармалы жерлердің мелиоративтік тәртібінің бұзылуы,жайылымға түсірілетін қысымның жоғарылығы,пайдалы заттарды іздеу және құрылыстық қызметтің әсері жатады.

Қазіргі кезде бұзылған агрожүйені қалпына келтірудің маңыздылығына байланысты жерді баптаумен бірге, ұйымдастыру және құқылық шаралар жүргізіледі, яғни жайылымды пайдаланудың бейімделген жүйесін енгізеді, шөлдену үдерісінің қауіптілігін бақылайтын жобалар, заңдар және арнайы ұжымдар құрады.

Бұзылған жерлерді баптаудың дайындық кезеңінің тиімділігі мынадай ұйымдастыру шаруашылық салаларын жүргізудің нәтижесінде қамтамасыз етіледі:

- төмен өнімді жерлерді жоғары өнімді шалғын жайылымдар және орманды жерлерге айналдыру арқылы ауылшаруашылық жерлердің құрылымын өзгерту;
- жайылымдық жерлердің құрамында қорғалатын бөлімшелерді құру, ал ол жайылымның жалпы ауданының 7-10 пайызын құру керек;
- бейімделген егіншілік жүйесін енгізу;
- аймақты нақты жерді пайдаланушыларға жүктеу арқылы пайдалану;
- жайылымдардың өнімділігін бағалау және оған сай келетін малды жаю санын сақтау.

Жерді баптаудың техникалық кезеңінде, құмдардың көшуін төмендететін және тоқтататын, топырақтың беткі қабатының құрылымын бұзылудан қорғайтын орнықтылықты, топырақтың баптау тәртібінің ыңғайлы су-ауа және су-тұз тәртібін қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық шараларды жүргізеді.

Желдің үрлеуімен күресу құмды желбіретудің аймағын кішірейтеді. Ол үшін құмның тасымалдау жолына әрбір 3-4 метрден кедергі тоспа, бірнеше рет бір-біріне параллель орналасқан қамыстан, шағырдан және бұталардан бөгет, тосқауылдар орнатылады. Құмдардың тасымалдауын төмендетудің тиімділігін ағаш-бұталардан даланы қорғауға арналған жолақтармен қатар қосымша қойылған жасанды қоршалау қамтамасыз ете алады.

Топырақтың жылжымалылығын және үгілмелілігін төмендету, ылғалдың сүзілуден болатын шығынын, қоректік заттардың және тыңайтқыштардың шығынын азайту, топырақтың қасиетін жақсарту үшін оған жетіспейтін арнайы химиялық жабысқақ қою заттар (коллоидтар) енгізіледі. Ол үшін органикалық тыңайтқыштар енгізіледі және саздың, құмның және саздық топырақтардың қоспасынан, қалыңдығы 25-40 см біртұтас немесе жолақ қабатын құрады, топырақтың құрамын құрайтын полимерлік заттармен өңдейді.

Топырақтың су-тұз тәртібін реттеу үшін инженерлік-мелиоративтік жүйе, инженерлік-табиғатты қорғау жүйесі, су қорын реттейтін инженерлік жүйе, инженерлік суландыру жүйесі құрылады, топыраққа арнайы мелиоранттар (әк және гипс) енгізіледі, тұзданған жерлерді шаю жұмыстарын жүргізеді. Суғару тәртібі жердің батпақтануына және қайта тұздануына жол бермеу керек және ол үшін суғармалау мөлшерін қатаң түрде мөлшерлеу, топырақ қабатынан судың сүзілуіне жол бермеу, топырақты шаюды өте жақсы су сүзгіші жерлерде немесе кәріз желісін құру арқылы жүргізу және көлтабандарды пайдалану мәселелерін қарастыру керек.

Уақытша және кіші өзендердің су ағынын реттеуге арналған су шаруашылық құрылымдарының санын оңтайлау, алаптық қағиданың негізінде су қорларын пайдалануды реттеу. Бұл шаралар жерді баптау тәртібінің талабын ескере отырып орындалуы керек және ол қауіпті эрозиялық үдерістердің пайда болуын, құм және құмдақ топырақтардың жоғары сүзгіш қабілетін, жер асыт суының тұздылығын, сазды және құмдақ топырақтардың тұздану қарқынын төмендетуге бағытталуы керек.

Жерді баптаудың биологиялық кезеңінде бұзылған топырақтың өсімдік жамылғысын және құнарлылығын қалпына келтіруге арналған шаралар жүргізіледі. Табиғи құмдақ жайылым жерлерде топырақтың үрлену үдерісінің дамуына және пайда болуын ескертуге мыналар қажет:

- орылмаған шөптерді ору, жайылымдық шабындыққа ауыстырып пайдалану, жайылымдарға кезекпен демалыс беру, құрғақ шөптің қалдықтарынан тазарту, құнсыз өсімдіктерді бағалы малазықтық шөптермен ауыстыру;
- топырақ бетін қопсытар алдында, малазықтық өсімдіктерді, соның ішінде қонақот, жантак секілді өсімдіктерді себу, органикалық және минералдық тыңайтқыштарды себу;
- агротехникалық шараларды кеңінен жүргізуге қиын немесе мүмкін емес жерлерге өсімдік тұқымын ұшақпен себуді қарастыру;
- малды жаюды толығымен тоқтату арқылы, дағдарысқа тап болған жайылымдардың өсімдік жамылғысын қайта қалпына келтіру.